

ЦИТАТА ДНЯ

Жупарбек САБИТОВ,
ЗАМЕСТИТЕЛЬ ПРЕДСЕДАТЕЛЯ
ОО «КАЗПРОФТРАНС»:

«БЛАГОПРИЯТНЫЙ КЛИМАТ В ТРУДОВЫХ ОТНОШЕНИЯХ В КОЛЛЕКТИВАХ НАХОДИТСЯ В ПРЯМОЙ ЗАВИСИМОСТИ ОТ СОЦИАЛЬНОЙ ЗАЩИЩЕННОСТИ РАБОТНИКОВ. СЕГОДНЯ СОЦИАЛЬНАЯ ЗАЩИЩЕННОСТЬ ЧЕЛОВЕКА ТРУДА ВСЕ В БОЛЬШЕЙ СТЕПЕНИ ЗАВИСИТ ОТ СИЛЫ ОРГАНИЗАЦИИ, ПРЕДСТАВЛЯЮЩЕЙ ИХ ИНТЕРЕСЫ НА РЫНКЕ ТРУДА – ПРОФСОЮЗА»

СОТРУДНИЧЕСТВО

ПО ПУТИ
ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ

Возможность развития комбинированных грузоперевозок с использованием развивающегося потенциала каспийских портов обсудили в ходе 12-го заседания Казанско-литовской межправительственной комиссии по торгово-экономическому сотрудничеству в Вильнюсе.

В мероприятии в составе казахстанской делегации, возглавляемой председателем комиссии, вице-министром финансов РК Канатом Баеидиловым, принял участие генеральный директор Союза транспортников «KAZLOGISTICS» Ерлан Абатов.

На повестку дня заседания вынесены ряд актуальных вопросов в сфере транспорта, энергетики, образования, туризма, здравоохранения и других.

Эксперты в области транспорта обсудили развитие контейнерных перевозок, создание общей логистической системы, совместные проекты и обменялись данными о выполнении грузовых перевозок между Казахстаном и Литвой, подчеркнув, что объем товарооборота между странами обладает самым высоким показателем в сравнении с данными по торговле РК со странами Балтии и Северной Европы.

Стороны договорились рассмотреть возможность развития комбинированных грузоперевозок с использованием развивающегося потенциала каспийских портов. При этом крупнейший в странах Балтии Клайпедский порт выразил активный интерес в привлечении казахстанских грузов, следующих на Европу, в частности, зерна, муки и угля.

Наряду с этим литовская сторона предложила использовать свой богатый опыт развития портовой инфраструктуры и подготовки «морских» кадров, закрепив все проекты в меморандуме о побратимстве между городами Актау и Клайпеда.

Еще одним новым по своему содержанию стало предложение Литовской ассоциации логистов о рассмотрении вопросов повышения квалификации казахстанских водителей большегрузных автомобилей, с возможным учреждением Центра подготовки водителей в Казахстане.

По итогам двухдневной работы подписан протокол на ближайший год, который станет своего рода Дорожной картой взаимодействия Астаны и Вильнюса.

Любовь НЕГЕМБЕЛОВА

АКТУАЛЬНО

ДЛЯ БЕЗОПАСНОГО ПРОПУСКА ПОЕЗДОВ



Как сообщает пресс-служба АО «НҚ «Қазақстан темір жолы», совместно с представителями местных исполнительных органов и управлений по чрезвычайным ситуациям железнодорожники обследовали все инженерные сооружения, которые находятся в зоне прохождения паводковых вод. Проверяются плотины и водохранилища, которые находят-

ся в непосредственной близости к железнодорожному полотну. Приведены в полную готовность транспортные средства, дрезины, автотракторная техника, создан аварийный запас горюче-смазочных материалов. Ведутся работы по очистке от снега, льда, мусора технологических отверстий мостов, водопропускных труб. Очищено

более 6 тысяч сооружений. В настоящее время сформировано более 30 противоразмывных поездов с бугровым камнем, рельсовыми пакетами, некондиционными железобетонными шпалами и другими материалами. В случае необходимости работники линейных служб готовы в максимально короткие сроки восстановить поврежденные пути

и обеспечить безопасный пропуск поездов.

Всего до 1 апреля текущего года будет сформировано 42 противоразмывных поезда.

При проходе паводковых вод будет установлено круглосуточное дежурство ответственных лиц, осуществляться дополнительные обходы и объезды.

Ермек БАЙҒОЖА

ТАСҚЫНҒА –ТОСҚЫН

«КӨКТЕМ - 2019» ОҚУ-ЖАТТЫҒУЫ ӨТТІ

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ – «Атырау ЖТ бөлімшесі» мен «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Атырау магистральдық желі бөлімшесі» «Көктем-2019» республикалық командалық штабтық оқу-жаттығуына қатысты.

Жүк тасымалы бөлімшесі бойынша Азаматтық қорғаныс штабы құрылды. Штаб бастығы, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ – «Атырау ЖТ бөлімшесі» бас инженері Б.Қартан мен орынбасары, «Атырау магистральдық желі бөлімшесі» бас инженері С.Сейітханов барлық құштер мен құрылымдардың дайындығын мәлімдеді.



Ганюшкино, Махамбет, Атырау, Ақжайық, Мақат, Сағыз, Құлсары станцияларында жүк тасымалының 38 құрылымы жинақталып, оқу-жаттығуға дайын тұрды. Бөлімше құрылымдарына 3 ситуациялық жағдай тапсырылды: Сағыз стан-

циясында 200 метр темір жолды су басу, күкірт қышқылы тиелген 6 вагонның аударылуы, одан төгілген удың жақын маңдағы тұрғындарға зияны, Атырау темір жол көпірінде 3 вагонның аударылуы, Доссор-441 развезі аралығында 400 метр темір жол көпірін су басып қалу.

Осы жағдайлардан шығу үшін Өрт сөндіру, Қалпына келтіру пойыздары, басқа да құрылымдар шұғыл әрекет етіп, «Дабыл-1001», «Барыс-2002», «Тұлпар-4004», «Толқын-5005» сигналдары бойынша да нақты әрекет етті. Шарға барлығы 310 адам мен 18 бірлік арнайы техника қатысты.

Еділ ЕРМЕК, Атырау
Суретті түсірген автор

ЦИФРАНДЫРУ

ҚАҒАЗСЫЗ ҒАСЫР:
САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ДАМУ ТҮРІНДЕ ҮДЕРІСІ

Сандық технологияның алтын ғасыры салтанат құрған бұл заманда адамның жайлылығы үшін барлық жағдай жасалуда. Ақпараттық технологияның дамығаны сонша, оның көмегімен қарыс қадам баспайтын жағдайға жеттік. ҚР Президентінің кезекті жолдауында «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасында сандық технология ел дамуының өзекті сипаттамасы ретінде қарастырылып отыруы да соның дәлелі деуге толық негіз бар.

Асқар ИСАҚОВ,
Астана

Бүгінгі таңда «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ жоғарыда атап кеткен бағдарламаға сәйкес «Цифрлы темір жол» жобасын қолға алды. Ол бойынша темір жолда цифрландырудың ілкімді жобалары кенінен жүзеге асырылуда. Темір жолдағы жүк және жолаушы тасымалы, логистика мен инфрақұрылым, т.т. сандық форматқа көшіріле бастады.

Биыл ақпаннан бастап «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен «РЖД» ЖАҚ арасындағы келісім шеңберінде жүк жөнелтудің қағазсыз технологиясы қолданылып, Шарттық және коммерциялық жұмысты басқарудың автоматтандырылған басқару жүйесі (ШКЖ АБЖ) бойынша вагондар туралы электрондық хабарлама алмасу, электрондық қол қою арқылы жүктерді рәсімдеу іске асты. Бұған Екібастұз 2 – Малорептинск бағыты бойынша қағазсыз технология бойынша – 619, ал Малорептинск – Екібастұз бағытына 1313 тасымал құжатының

рәсімделуі мысал бола алады және тиімділікті жоғары екендігін көрсетті. Бұл ретте электрондық мәліметтер алмасуға Озбекстан, Қытай, Әзербайжан және Қырғызстан теміржол әкімшілері мүдделілік танытып отырғандығы осымен де байланысты дей аламыз. Жалпы еліміз инвестиция және инфрақұрылымдық даму министрлігінің басшылығымен «Самұрық-Қазына» қорының шеңберінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ жүзеге асыратын бағдарлама 2018-2022 жылдар аралығын қамтып отыр. Жалпы саны 21 жобаны іске қосу қарастырылған. Әсіресе инновациялық және сервистік секторларды дамыту міндеттері күн тәртібінде өткір тұр. Атап көрсеткенде, қолдан жасалған интеллект мен «үлкен мәліметтер» саралау технологиялары негізінде интеграцияланған басқару жүйесі, жолаушылар тасымалы тарифтерін динамикалық басқару жөніндегі жобалар.

Цифрландыру – қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қалай үлесін қосуда, соған келейік. «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Магистраль» АБЖ жоба-

сын іске асырып, қазір ол жемісін беруде. Бұдан басқа, вагонға орнатылған диагностикалық кешен жүрген жолында кез келген сынық пен кемшілікті айнымай танып, оны тіркеуге алады. Осылайша аталған кешен көмегімен теміржол желісіндегі ақау анықталып, апаттың алдын алуға мүмкіндік туды. Теміржол бойынша табылған ақау туралы ақпаратты «Магистраль» АБЖ бірден жол жөндеуші бригадаларға жөнелтеді. Олар өз кезегінде желде түрде әлгі ақауды жөндеп, пойыздардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, кестесінен кешікпеуге барын салады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – «Автоматтандыру және цифрландыру дирекциясының» директоры С.Төлебаевтың айтуынша, соңғы 10 жылдағы мәліметтерді сақтай отырып, жолдардағы ақаулардың қайталануы мен себептерін анықтауға болады. Жүк тасымалы саласында «Шарттық және коммерциялық жұмыс» АБЖ сәтмен жұмыс істеп келе жатқандығын да қаперге сала кеткен жөн. Автоматтандыру

локомотивтердің электр энергиясы мен отынды тұтынуына бақылау жүргізуге, пойыз-вагон айналымы қозғалысын болжау мен жоспарлауға, бағыттарды интеграциялық өндеуге және тасымалдарды жедел басқаруға бағытталған. «Жүк жөнелтушілер Интернетті пайдалана «ШКЖ» АБЖ арқылы тасымал үшін алдын ала тарифті есептеуіне, тасымал құжатын рәсімдеуіне, тапсырыс беруіне және тасымалды жоспарлауына да мүмкіндігі мол. Бүгінгі таңда жүйеде жүк станцияларының 5 мыңдай қызметкері және 20 мыңнан астам клиенті тіркелген және жұмыс істеуде», – дейді «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ бас инженері Владимир Петров бұған дейінгі бір сөзінде. Machine Learning элементтері бар жоспарлау жүйесін енгізу эксплуатациялық коммерциялық және инвестициялық жоспарлау кезінде тиімді шешімдерді қабылдауға, ресурстарды оңтайлы бөлуге мүмкіндік береді. 2021 жылға қарай тасымал процестерімен байланысты шығындарды оңтайландыру 3-4% жетеді деп жоспарлануда.

НҰРЛЫ ЖОЛ

ВЬЕТНАМ – КИТАЙ –
КАЗАХСТАН – ЕВРОПА

Посольством Казахстана во Вьетнаме совместно с АО «НҚ Қазақстан темір жолы» реализован транспортно-логистический проект. Запущена работа первого железнодорожного транзитно-транспортного коридора по маршруту Вьетнам – Китай – Казахстан – Европа.

Впервые из столицы Вьетнама Ханоя (станция Йенвьен) через вьетнамский приграничный железнодорожный терминал «Донгданг» по территории КНР, где формируются совместные контейнерные составы в Европу, далее транзитом через Казахстан осуществлена перевозка груза объемом 9,1 тысячи, или 1 686 ДФЭ в Дуйсбург (ФРГ).

На транспортировку ушло 22 дня, два из которых груз шел из Вьетнама в Китай. В последующем планируется сократить общее время доставки грузов из Вьетнама в Европу до 19 дней. По мнению представителей Вьетнамских железных дорог, объемы значительно возрастут уже в этом году.

Запуск данного железнодорожного маршрута стал одним из практических результатов реализации стратегической задачи Главы Казахстана Нурсултана Назарбаева по интеграции транспортной инфраструктуры Казахстана в международную транспортную систему и реализации транспортного потенциала страны в рамках программы «Нұрлы жол», которая сопрягается с китайской инициативой «Один пояс – Один путь».

Алуа ТЛЕУБАЕВА

ХАБАР-ОШАР

ВАГОН ПАРКИНІҢ
САҚТАЛУЫ МАҢЫЗДЫ

Астана вагон пайдалану депосы маневрлік және тиеу-түсіру жұмыстары кезінде вагон парк сақталуын қамтамасыз ету мен ұйымдастыру бойынша биылға арналған шараларды бекітті.

Шаралар желі ретінде қарай алдымен барлық жауапты қызметкерлер жоспармен үш тәулік ішінде таныстырылған. Жалпы вагон шаруашылығында вагонның немесе вагон жабдықтарының ақауы анықталған әрбір жағдай мұқият зерттеледі. Зерттеу қорытындысы бойынша кінәлілер мен келтірілген шығынды көрсете отырып ВУ-25 акті толтырылады. Ай сайын Астана станциясының сұрыптау паркінде бекітілген әдіске сай вагондардың соқтығысу жылдамдығы тексеріледі. ТҚҚҚ-на көрші станциялардан ақаулы вагондар келген жағдайда ДС, әскери күзет қызметі мамандарымен бірге жалпы формадағы акт толтырып, оны вагондар құрастырылған станцияға жолдау керек. Станциядан арнайы құжат бойынша кетіп бара жатқан вагондардан басқа ақаулы вагондарды жөнелтпеу қадағаланады.

Вагон парк сақталуын қамтамасыз ету және технологияларды орындау үшін нұсқаулықтар мен нормативтік құжаттарды оқыту бойынша техникалық сабақтар он күн сайын өткізіледі. «ҚТЖ-ЖТ» АҚ басшылығы тарапынан бізге жіберілген жеделхаттарда вагон бөлшектері мен тауарлық материалдық құндылықтарға қатысты вагон паркінің сақталуын қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар төмен деңгейде делінген. Бұл 2018 жылғы көрсеткіштерде көрініс тапқан. Мақсат – сол кемшілікті қайталамау, – дейді депонның қауіпсіздік қызметі бойынша бас маманы Руслан Жангүлтінов.

Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ

ЦИФРА НОМЕРА

СВЫШЕ

4 МЛН

ПАССАЖИРОВ ПЕРЕВЕ-
ЗЕНО ЗА ЗИМНИЙ ПЕРИ-
ОД АО «КАЗАХСТАНСКИЕ
ПЕРЕВОЗКИ»

ЖАҢАЛЫҚТАР

МІНДЕТТЕР БЕЛГІЛЕНДІ

Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесінде «Нұр Отан» партиясы Мұнайлы аудандық филиалы жанындағы «Маңғыстау темір жолы» бастауыш партия ұйымының кезекті жиыны өтті.

Оған Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесінің директоры, облыстық мәслихат депутаты Нәжімеден Ғұбашов, «Нұр Отан» партиясы Мұнайлы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Мұқанжан Камалов, «Маңғыстау темір жолы» бастауыш партия ұйымының төрағасы Болат Дюсалиев және темір жол ардагерлері, бастауыш партия ұйымының мүшелері, топ жетекшілері, «Жас Отан» жастар қанатының белсенділері қатысты.

Жиында Н.Ғұбашов Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесінің 12 жылда «Нұр Отан» партиясымен бірлесіп отырып атқарған істері жөнінде баяндама жасап, партияның XVIII съезінен туындайтын мәселелерге кеңінен тоқталды. Елбасы жүктеген міндеттерді орындауда алда тұрған жұмыстарды атап өтті.

«Маңғыстау темір жолы» бастауыш партия ұйымының төрағасы Б.Дюсалиев жүргізілген жиында Маңғыстау вагон пайдалану депосының бастығы Сәрсенбай Есенқұлов, Маңғыстау жол дистанциясы бастығының орынбасары Дүйсенбай Жарылғап, Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесі кәсіподақ комитетінің төрағасы Әзірбай Тұрмағанбетов сөз алып, «Нұр Отан» партиясының 20 жылдығы аясында өткен съезде сөз болған мәселелерге қатысты пікір білдіріп, партияластарын Елбасы жүктеген міндеттерді орындауға шақырды.

Әсел ТАҢАТАРОВА, Маңғыстау

ЖАРЫЛҒЫШ ЗАТ КӨРСЕҢІЗ...

Террорлық қауіп-қатерден ада емес кезеңде өмір сүргендіктен кез келген адамның соған қатысты білімін жетілдіріп, қорғану, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты іс-әрекеттерін жетілдіру – бүгінгі таңда өзекті мәселе.

Сондай іс-әрекеттердің бірі профайлинг деп аталады. Бұл – жарылғыш затқа ұқсайтын күдікті нысанды анықтаған кездегі әрекеттер. Жақында «Нұрлы жол» вокзал кешенінде қызметкерлер арасында террористік сипаттағы төтенше жағдайлар кезіндегі әрекет жағдайында техникалық сабақтар өткізілді. Себебі вокзал – адамдардың көптеп шоғырланатын аймағы. Шараны кешеннің бас инженері Тофик Гаджиев өткізіп, бұл тақырыпты кеңінен ашу үшін кешен директорының режим бойынша көмекшісі Қайыркен Закрыянов тақырып аясында қауіпсіздік ережелерін түсіндірді. Атап айтқанда, жарылғыш заттың белгілері қандай болатыны, қалай құрбан болмау жолдары, террорист-өзін-өзі өлтірушілер сипаты қандай болады, пайда табу мақсатында кепілдікке адамды тұтқында алғанда не істеу керек, терроризм қаупін қалай сезуге болады, террорлық акт кезіндегі қауіпті қалай әрекет ету қажеттілігі түсіндірілді. Шараға технологиялық процесс бойынша вокзал кезекшілері мен жедел басқару орталығының кезекшілері қатысты.

– Жарылғышқа ұқсайтын белгісі бар заттарды үлкен ұстап көруге, ашуға, орнынан жылжытуға, қолмен қандай да бір сұйықтық құюға, үстің жабуға, оның маңайында тұрған электр, радио аппаратураларды қолдануға, оның қасында темекі шегіп, ұлы байланыс құралдарын пайдалануға болмайды, – деді Қайыркен Закрыянов.

Нұрай СӨРСЕНҒАЛИ

ЕКІ АЙДА – ЕКІ ЖАҒДАЙ

«Теміржол – қауіптілігі жоғары аймақ» дегенді теміржолшылар айта-айта жауыр болды десек, артық айтпаймыз. Теміржол бойындағы қауіпсіздік теміржолшылар үшін ең үлкен «бас ауруға» айналғалы қашан.

Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесінің қозғалыс қауіпсіздігі қызметі бөлімінің мәліметіне сүйенсек, өткен жылы аймақтағы теміржол бойында адамдардың пойыз астына түсіп қалған 9 оқиға болған екен. Оның бесеуі адам өлімімен аяқталған. Пойыз қаққан тоғыздың екеуі – кәсіптік жасқа толмаған балалар. Ал аман қалған бір азаматтың оң аяғының табан сүйектері мен сол аяғының екі башпайын кесуге тура келіпті.

Былғы екі айдың ішінде екі адам пойыздың астына түсіпті. Өкінішке орай, бұл екеудің біреуі алған ауыр жарақатының салдарынан қайтыс болған.

22 қаңтар күні Тараз-Шу учаскесінің Ақшолбақ-Ақыртөбе аралығында машинист Өскенбаевтың басқаруындағы №2228 жүк пойызы өдеттегі 70 шақырым/сағат жылдамдығымен жүйіткіп келе жатқан. Кенет машинист қарсы алдында тұрған адамды көріп, шұғыл тежегішті басады. Бірақ, екпінмен келе жатқан пойыздың жылдамдығы секунд сайын төмендегенмен, өміріне қауіп төніп тұрған жігіт жақындап келе жатқан ажалдан қаша қоймапты... Мамандардың айтуынша, 1985 жылы туған бұл азамат осылай өз-өзіне қол жұмсаған көрінеді.

Ал екінші оқиға 7 ақпан күні болып отыр. Машинист Аширов басқарып келе жатқан №3207 пойыз кешкі сағат 19.49 шамасында Луговое станциясындағы адам жүретін өткелдің жанынан өтіп бара жатып кілт тоқтауға мәжбүр болған. Сөйтсе, 1994 жылы туған Б.есімді бойжеткен темір жолдың арғы бетіне өту үшін жол қысқартпақ болған сәтінде келе жатқан пойызды байқамаған... Абырой болғанда, пойыз қаққан қыз аса ауыр жарақат алмапты. Жедел жәрдем қызметі оны Т.Рысқұлов аудандық орталық ауруханасына шұғыл жеткізіп, дәрігерлердің көмегімен аман қалды.

– Темір жол бойында мал және адам қағу оқиғалары қайталанбас үшін оның алдын алу мақсатында былтыр 236 түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, оның ішінде 2585 адамды қамтыған 75 оқу орнында болып, қауіпсіздік тұрғысында кездесулер өткіздік. Одан тыс темір жолдан өту ережелері, сақтық шаралары сынды ақпараттар топтастырылған жаднама таратып, әлеуметтік бейнеролик көрсету жұмыстары да жүргізіліп келеді. Көліктегі полиция, әскерлендірілген темір жол күзеті қызметкерлерімен бірлесіп 58 рейд өткізіліп, 69 заңбұзушылық анықталды. Олар бойынша 58790 теңге айыппұл салынды, – дейді қозғалыс қауіпсіздігі қызметі бөлімінің басшысы Бақытжан Айтқұлов.

Бақытбек АҚЫЛША, Жамбыл

ЛОГИСТИКА

ТАСЫМАЛ АЛЕУЕТІ ЕСЕЛЕНУДЕ

Семей ЖТ бөлімшесі үшін биылғы жыл да логистика саласы бойынша қарқынды іс-пен басталды. Әсіресе, соңғы апталарда автокөліктен пойыз тасымалына ауысқан немесе өтініш берген клиенттер саны артуда.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Мұндай құбылыс жыл сайын орын алады. Әрі есептемелік көрсеткіш бойынша үлес саны артып келеді. Мамандардың айтуынша, оған әсер ететін ішкі факторлар көп. Маусымдық ауа райының қолайсыздығынан бастап, аймақ көлеміндегі түрлі кеніш орындарына жаңадан тартылған тұйық желілер санының артуы, жөнелтілген жүк құжаттарын қағазсыз рәсімдеу, қатты отын тасымалы бойынша белгіленген тариф құнының тұрақтылығы, т.б. себеп болып отыр. Мұның барлығы бөлімшенің логистика және

жүк тасымалын ұйымдастыру бөлімі мамандарының тиісті сараптамасынан өтуде. Мамандар сөзіне сүйенсек, өткен жылы тек автокөліктен теміржолға ауысқан қосымша жүктер саны 53,8 мың тоннаны құрапты. Оның ішінде экспортқа жөнелтілген тауар көлемі 35,6 мың тонна болып, экономикалық таза кіріс 80 млн теңгеге жуықтаған. Бұл жайтқа бөлімшедегі барлық іргелі жүк станцияларының транзиттік байланыс саласын бірінші кезекке қою да себеп.

Қазіргі сараптама бойынша автокөліктен теміржолға ауысатын республикашілік жүк тасымалының көлемі биылғы жылы күрт артатын



болады. Өткен жылы оның жалпы мөлшері 18,2 мың тонна болған еді. Мамандардың бұл болжамына негіз бар. Себебі, ағымдағы жылы Аягөз, Жаңғызтөбе, Жаңа-Семей сынды

бірқатар жүк станциялары бойынша іргелі өндіріс ошақтарына мердігер компаниялар арқылы тартылған кірмежолдар пайдалануға берілмек.

Суретті түсірген автор

КӨКЕЙКЕСТІ

БАЗАЛЫҚ РЕАНИМАЦИЯ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Өмірде адамдар әр түрлі жағдайларға тап болып жатады: ауырып қалады, жүрек талмасы ұстайды немесе қан қысымы көтеріліп кетеді, т.б. Осындай жағдайда «Жедел жәрдем» келгенше не істеу керек, жаныңдағы адамға медициналық көмек көрсете білеміз бе?



Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Міне, жуырда «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ – «Атырау жүк тасымалы» бөлімшесінде өткен шара осыған арналды. Бөлімше басшылығының және облыстық жедел жәрдем станциясының бірлесіп ұйымдастыруымен «Базалық реанимация» тақырыбында ауырған адамға алғашқы медициналық көмек көрсету қағидалары теміржолшыларға көрнекті түрде көрсетілді.

Шараға станциялар, жол, байланыс дистанциялары, вагон, локомотив депосы, басқа да құрылымдық бөлімше жұмысшылары мен қауіпсіздік инженерлері, барлығы 200-ге тарта адам

қатысты. Шараны ашқан бөлімшенің бас инженері Бауыржан Қартан жұмысшылар үшін бұл шараның маңыздылығын айта келе, дәріс беруші дәрігер-мамандарға игі ниеттері үшін алғысын білдірді.

Атырау облыстық «Жедел жәрдем» станциясы бастығының орынбасары Н.Баймолдаева өңірдегі қазіргідей экология нашар кезде адамдардың кенеттен жүрегі ауыру, қан қысымы көтерілу, не басқа да жағдайлардың жиілеп кеткендігін айта келе, сондай

кезде оларға алғашқы медициналық көмек көрсету, яғни «жедел жәрдем» келгенге дейін базалық реанимация жасау қажеттігін түсіндірді. Станция фельдшерлері арнайы манекенді пайдаланып, ең уәлі ауырған адамды шалқасынан жатқызу, тынысын тыңдау, тамыр соғысын білу қажеттігін, науқастың кеудесін басып дем беріп, мұрнын жауып тұрып, сонан соң аузынан ауа жіберіп үрлеу қажеттігін көрсетті.

Осы жайттарды қатысушы темір-

жолшылардың өздеріне де жасатып көрді. Ал, станцияның кардиологиялық бригада дәрігері Л.Жансыбаева адам ауырған кезде оның ішкі органдары қайсысы қалай жұмыс жасайтынын не жасамай қалатынын айтып, адамды оңалтып жіберу үшін қалай әрекет ету тәсілдерін егжей-тегжейлі түсіндірді.

Сондай-ақ ол сәбилер тиын не түйме, не дәрі жұтып қойса, не істеу қажет, ересек адамның жүрегі тоқтап қалса, қан қысымы жоғарыласа немесе көлік апатына ұшырағанда не істеу қажеттігін де тәптіштеп манекен арқылы көрсетіп, түсіндірді. Айтқандай, осы биылғы жылдың өзінде, алғашқы екі айда өңірде дәрі жұтып қойған үш сәби шетінен кетіпті. Дәрігерлердің айтуынша, қайғылы жағдай ата-ана тарапынан дәріні дұрыс ішкізе білмеу және дер кезінде алғашқы көмек көрсете білмегендігінен болған. Сондықтан адам өмірін сақтауда алғашқы көмектің мәні зор екенін баса айтты дәрігер.

Теміржолшылар білікті дәрігерлердің бұл сабағы өздері үшін өте маңызды болғанын айтып, ақ халаттыларға алғыстарын білдірді, сонымен қатар өздерінің көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, қанықты жауап алды.

Маңызды шара соңынан қарапайым жағдайда әр түрлі аурудан адам өмірін сақтап қалған мысалдар арқау болған танымдық бейнекөрсетімдер көрсетілді.

Суретті түсірген автор

СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ



ОТАРДАҒЫ ОҢТАЙЛЫ ІС

Өткен жылды Алматы бөлімшесіне қарасты Отар станциясы өндірістік көрсеткіштерді түгелге жуық орындап, ешқандай оқыс оқиғасыз өткізді. Қозғалыс қауіпсіздігі бойынша станцияда былтыр пойыздардың жолдан тауы, қақтығысы сынды оқыс оқиғалар тіркелген жоқ.

Жасұлан СЕЙІЛХАНОВ,
Тараз

Станцияға тиесілі көрсеткіштердің барлығы дерлік 100 пайызға жуық, кейбірі артығымен орындалған. Мәселен, қосымша жүк тиеу бойынша 563 ва-

гон бөлініп, нақты 551 вагонға жүк артылып, жалпы көлемі 10051 тоннаны құрапты. Бұл көрсеткіш 98,9 пайызға орындалған. Жалпы, жүк тасымалының көрсеткіші – 98,9 пайыз. Нәтижесінде жалпы жүк тиеу статистикасы 150 пайызды көрсеткен.

Сондай-ақ, 2018 жылғы табыста да

жақсы нәтиже бар. Айталық, вагондарды беру мен ретке келтіру табысы 98 пайыз болса, маневрлік жұмыстар – 115,1, жоспардан тыс кіріс – 136,3, жергілікті кіріс 220,8 пайыз табыс түсірген.

– Пойыз жасақтау мен оларды жөнелту жоспары да бұзылған жоқ

және пойыздардың кешігуі орын алмады. Сондай-ақ, сигнализация, орталықтандыру және бұғаттау қондырғылары мен станциядағы өзге де техникалық құрылыстардың істен шығуы сынды жұмысымызға кедергісін келтіретін жағдайлар болған жоқ. Станция жұмысшыларының кінәсінен қалыптасатын өндірістік емес шығындарға да былтыр жол берілмеді. Былтырғы он екі ай ішінде «Станция басынсы күні» аталатын 50 жиын өтіп, онда күн тәртібіндегі мәселелерден бөлек анықталған кемшіліктер бойынша дер кезінде нақты тапсырмалары беріліп отырды. Одан тыс алты мәрте өткен техникалық оқыту кезінде жұмысшыларға әртүрлі тематикалық сабақтар өткіздік, – дейді станция басшысы Азат Есентай.

Басшылықтың талап етуімен станцияда өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесі бойынша жұмысшылардың кәсіптік біліктілігін арттыру, жұмыстың тиімділігі мен сапасын көтеру, еңбек өнімділігін жақсартып, өндірістік қауіпсіздік талаптарын сақтау мақсатында бекітілген кестеге сай ай сайын техникалық сабақтар өткізіліп тұруы дағдыға айналған екен.

– Темір жол бойында оқыс жағдайларды болдырмау, алдын алу мақсатында өткен жылғы он екі ай ішінде станция жолдары аумағында көліктегі полиция мен әскерлендірілген күзет қызметкерлерімен және ШЧ, ЭЧ, ВЧД, ПЧ мекемесі басшыларымен бірлесіп 104 рейдтік шара ұйымдастырылды. Нәтижесінде уақыттың үнемдеп, жүрер жолын қысқартамын деп рұқсат егілмеген жерден темір жолды кесіп өткен он шақты тұрғынмен қауіпсіздік бойынша түсінік жұмыстарын жүргізіп, темір жол маңының қауіптілігі жоғары аймақ екенін ескерттік, – дейді Азат Есентай.

Суретті түсірген автор

ПРОФСОЮЗ

В центральном аппарате АО «КТЖ – Грузовые перевозки» состоялось заседание Совета филиала ОО «Казахстанский отраслевой профессиональный союз работников железнодорожного, автомобильного, воздушного и водного транспорта» – «КТЖ – Грузовые перевозки». В нем приняли участие председатели профсоюзных комитетов отделений ГП.

ПЕРСПЕКТИВЫ СТАНОВЯТСЯ РЕАЛЬНОСТЬЮ

Асель ШАЙХЫНОВА

Мероприятие началось с чествования передовых профсоюзных работников. Знаком ЦС профсоюза за добросовестный труд, активную позицию и высокие результаты награждены председатель первичной профсоюзной организации Уральского отделения ГП Максаг Мухтаров и освобожденный председатель цехового комитета Ақтоғайского эксплуатационного локомотивного депо Алматинского отделения ГП Мухаметжан Тугуров. Благодарственное письмо ЦС профсоюза получила главный эксперт Костанайского филиала ГП Айнагуль Кожаялиева.

Согласно повестке дня были рассмотрены вопросы исполнения плановых показателей производственно-экономической деятельности АО «КТЖ – Грузовые перевозки» за минувший год, выполнения основных положений Коллективного договора за 2018 год и текущей деятельности профсоюза.

С докладом по итогам работы общества за прошлый год выступил и. о. исполнительного директора по эксплуатационной работе АО «КТЖ – Грузовые перевозки» Кумисбек Матжанов. Он проинформировал, что по железной дороге в минувшем году перевезено 283 миллиона тонн грузов, что на 11 миллионов больше, чем в 2017 году. Погрузка составила 255 миллионов тонн, что на 5,3% выше факта 2017 года.

По его словам, стабильная и положительная динамика по выполнению эксплуатационных показателей ожидается и по итогам этого года.

В своем выступлении и. о. исполнительного директора по управлению человеческими ресурсами и документообороту АО «КТЖ – Грузовые перевозки» Шолпан Абильбекова рассказала об исполнении обязательств компании перед сотрудниками в рамках заключенного Коллективного договора на 2018-2020 годы.



« ПО ИТОГАМ 2018 ГОДА ИНДЕКС СОЦИАЛЬНОЙ СТАБИЛЬНОСТИ ВЫРОС ДО 71%, А ИНДЕКС ВОВЛЕЧЕННОСТИ ПЕРСОНАЛА ПЕРЕШЕЛ ИЗ ЗОНЫ СТАБИЛЬНОСТИ НА ПОЗИТИВНЫЙ УРОВЕНЬ. В БОЛЬШИНСТВЕ РЕГИОНОВ ОТМЕЧАЕТСЯ УДОВЛЕТВОРЕННОСТЬ РАБОТНИКОВ ПО СЛЕДУЮЩИМ ФАКТОРАМ: ЗАБОТА О СОТРУДНИКАХ, УСЛОВИЯ ТРУДА, ОБЕСПЕЧЕНИЕ СПЕЦОДЕЖДОЙ, ВОЗНАГРАЖДЕНИЕ, СОЦИАЛЬНЫЕ ПАКЕТЫ И ДРУГИМ.

Так, в прошлом году для работников было закуплено более 5 380 путевок в санатории РК и РФ, в период летних каникул свыше 3 200 детей железнодорожников пребывали в детских лагеря отдыха. Постоянно проводится работа по обучению и повышению квалификации производственного персонала в учебных центрах, где в 2018 году обучилось свыше 1 900 человек.

В рамках реализации моральной мотивации персонала по итогам минувшего года награждены и поощрены отраслевыми наградами

874 работника и государственными – 4.

По итогам 2018 года индекс социальной стабильности вырос до 71%, а индекс вовлеченности персонала перешел из зоны стабильности на позитивный уровень. В большинстве регионов отмечается удовлетворенность работников по следующим факторам: забота о сотрудниках, условия труда, обеспечение спецодеждой, вознаграждение, социальные пакеты и другим. Председатель филиала профсоюза «КТЖ – Грузовые перевозки» Еркем Тулегенов поблагодарил

председателей первичных профсоюзных организаций за активную, в ходе которой дети из многодетных и малообеспеченных семей работников компании со всех регионов РК во время школьных каникул посетили с экскурсией г. Алматы. Также был проведен масштабный турнир среди пенсионеров железнодорожников по шахматам с подведением итогов в г. Астана, в котором приняли участие пожилые люди из разных регионов страны.

– Активная работа по реализации годовых задач продолжалась на протяжении всего года. Профсоюзом регулярно, в соответствии с годовым планом работы, проводились культурно-массовые и спортивные оздоровительные мероприятия, – сказал Еркем Тулегенов.

В ходе заседания председатели профсоюзных комитетов получили исчерпывающие ответы на все поставленные вопросы. По всем вопросам повестки дня приняты соответствующие постановления.

Фото Александра ЖАБЧУКА

НОВОСТИ

ВАГОНЫ НА ЭКРАНЕ

В Восточно-Казахстанском отделении грузовых перевозок с 11 марта перешли к оформлению электронных перевозочных документов на порожние вагоны собственности АО «Қазтеміртранс» в автоматизированной системе управления «Договорная и коммерческая работа» (АСУ ДКР).

Об этом сообщила на планерном совещании начальник отдела АСУ этого филиала АО «КТЖ – Грузовые перевозки» Елена Шарпанюк. Она уточнила, что речь идет о порожних вагонах сообщением внутри республики.

Такой переход прошел по Плану мероприятий по внедрению безбумажных технологий, оформлению перевозочных документов в АСУ ДКР во внутривнутриреспубликанском, импортном, экспортном сообщении и приказу руководства АО «НК «КТЖ», в соответствии с регламентом организации перевозок грузов по безбумажной технологии в межобластном сообщении на всех грузовых станциях Восточно-Казахстанского отделения грузовых перевозок.

